

29.08.2024ж

Қатысқандар саны- 14

Күн тәртібі:

1. Балабақшаның ішкі еңбек тәртіп ережелері мен қызметкерлердің лауазымдық міндеттерін бекіту.
2. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқау жүргізу
3. Балаларды тамақтандырудың ұйымдастырылуы
4. Қызметкерлердің штаттық бірлік кестесін бекіту

1.Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі С.Елтаева қызметкерлерді Ішкі еңбек тәртіп ережелермен таныстырды.Бұл ережелер Қазақстан Республикасының заңнамаларының талаптарына сәйкес бағытталған. Жұмысқа қабылдау және босату кезінде екі тараптан жасалынатын жұмыстарды қызметкерлер білуі тиіс. Әрбір қызметкер өзінің құқықтарын, міндеттерін, санитария талаптарын және техника қауіпсіздік ережелерін білуі керек. Мектепке дейінгі мекеме қызметкерлерінің міндеттері: еңбек тәртібін сақтау, адал жұмыс істеу, белгіленген мерзімінде медициналық байқаудан өту, этикалық жүріс-тұрыс нормаларын сақтау, ата-аналармен, балалармен қарым-қатынаста зейінді және ықыласты болуы, құжаттаманы өз уақытында толтыруы керектігін түсіндірді. Егер ішкі еңбек тәртіп ережелерін бұзғанда берілетін ескерту, сөгіс, қатаң сөгіс және жұмыстан босату тәртіптік шаралар қолданылатынын айтты. Жұмыс уақыты бекітілген ішкі еңбек тәртіп ережелері жүргізілетінін ескертті.

Тәртіп әрбір қызметкердің тиімді жұмыс істеу үшін беріліп отырғанын сөз етіп, орындауымыз керек деп ойлайтынын айтты. Барлығы өз пікірлерін ортаға салып, бірауыздан мақұлдады.

Сонымен бірге балабақша меңгерушісі С.Елтаева қызметкерлердің лауазымдық міндеттерімен таныстырды. Әрбір қызметкерге лауазымдық міндеттері жазылған парақшалары таратылып беріліп, орындау керек екенін айтты.. Балабақша қызметкерлері өздеріне қойылған лауазымдық міндеттерімен танысып, толық орындайтындықтарын , әсіресе, балалардың өмірі үшін жауап беретіндіктерін терең сезінетіндіктерін айтты.

Меңгеруші балабақша мейірбикесі З.Исман өз міндеттерін орындауда барлық қызметкерлермен тығыз байланыста болуы керектігін, тәрбиешілер мейірбикелермен бірлесе отырып, сауықтыру шараларын жүргізеді, баланың денсаулығын дамытатын ең негізгісі баланың өмірі мен денсаулығына жауап беретінін ескертті Сондықтан барлық қызметкерлер лауазымдық міндеттерін бұлжытпай орындауы тиіс екенін айтты.

Қызметкерлер лауазымдық міндеттерімен танысып,орындайтындықтырын білдірді, қолын қойды.

2.Тыңдалды Балабақша меңгерушісі С.Елтаева «Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқау» жүргізді. Ата-аналар бізге өмірлерінің ең қымбатты байлығы балаларын сеніп тапсырған соң біз олардың өміріне,денсаулығына жауаптымыз.Балаларды қадағалаусыз қалдырмау және қауіпсіздік ережелерін біліп сақтауымыз керектігін айта келе қызметкерлерге балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау туралы нұсқаулықты тарапып, таныстырып өтті.

Балабақша қызметкерлері танысып, толық орындауға уәде берді.

